UNION INTERNATIONAL DE PENTATHLON MODERN

UIPM ЕРЕЖЕСІ

Семсерлесу кезеңінің ережесі

МАЗМҰНЫ

А бөлімі

2.1. Қолданылу саласы

Осы ереже электрлік семсермен жалпы шеңбер жасау нысанында ұйымдастырылған семсерлесу кезеңі үшін қолданылады. UIPM барлық ресми жарыстары үй-жайда өткізілуге тиіс. Егер семсерлесу үй-жайдан тыс өткізілетін болса, ол жарысқа шақыруда нақты көрсетілуге тиіс.

2.2. Терминология

2.2.1. Еркін айқас және айқас: екі бессайысшының арасындағы достық жекпе-жекті еркін айқас деп атайды. Еркін айқастың қорытындысы бойынша ұпайлар берсе, оны айқас деп атайды.

2.2.2. Кездесу: екі әр түрлі командалардың бессайысшыларының арасында ойнатылатын айқастар саны матч деп аталады.

2.2.3. Жарыс: жарыс- бұл кезеңнің жеңімпазын анықтау үшін талап етілетін айқастардың (жеке есепте) немесе кездесулердің (командалық есепте) саны.

2.2.4. Қарқын: семсерлесу қарқыны – бір қарапайым әрекетті орындау ұзақтығы.

2.2.5. Шабуыл: егер іс-әрекет бір қимылмен немесе тік (бір сызықтың бойымен) немесе тік емес (басқа сызық бойымен) орындалса, қарапайым болып саналады. Егер іс-әрекет бірнеше қимылмен орындалса, күрделі болып саналады.

2.2.6. Рипост: жекепе-жектің барысына және жылдамдығына байланысты дереу немесе уақытты жоғалтумен орындалатын қимыл. Рипостардың түрлері:

а) қарапайым, тік

- тік рипост: қарсыласқа қорғау алған сызықтан шаншу жасалатын рипост;
- қару бойынша рипост: қарсыласқа қорғауды алғаннан кейін қару бойынша сырғып жасалатын шаншу;

b) қарапайым, тік емес

- Ауыстырумен рипост: қорғау алған сызыққа қарама-қарсы сызықта қарсыласқа тиген рипост (егер қорғау жоғары сызықта болса, оның

жүзінің астынан өтіп, немесе егер қорғау төменгі сызықта болса, онда жүздің үстінен);

- Ауыстырумен рипост: қорғау алған сызыққа қарама-қарсы сызықта қарсыласқа тиген рипост (барлық жағдайда қарсыластың жүзінің алдынан жүзі өтсе).

2.3. Жауапты органдар

2.3.1. Ұйымдастыру комитеті семсерлесу кезеңінің директорын тағайындауға міндетті. Төрешілерді, төрешілердің ассистенттерін және олардың орынбасарларын тағайындайтын және олардың жұмысын бақылайтын семсерлесу кезеңінің директоры:

1) семсерлесу кезеңінің дұрыс өтуіне;
2) төрешілердің шешіміне ауызша арыздарды қарауға;
3) төрешінің өтініші бойынша ресми тұлғаларды жарыстан шығарып тастауға жауапты болады.

2.3.2. Семсерлесу кезеңінің директоры қажетінше тағайындайды:

1) аппараттың суперинтенденттерін;
2) хронометристерді;
3) есеп комиссиясын;
4) жеке құрал-жабдық пен техниканы жөндеу жөніндегі шеберлерді;
5) электрондық техника саласындағы сарапшыларды;
6) медициналық қызметкерлер құрамын және олардың орынбасарларын.

2.3.3. Семсерлесу кезеңінің директоры әрбір жолға төрешіні, егер қажет болса, төрешілердің ассистенттерін тағайындай алады. Семсерлесу кезеңінің директоры сонымен бірге орынбасарларды тағайындауға міндетті. Олимпиада ойындары мен Әлем чемпионаттары үшін төрешілер семсерлесу бойынша UIPM немесе FIE мақұлдаған халықаралық төрешілердің арасынан сайлануға тиіс.

Төреші жауапты болады:

1) айқасты және аппараттың жарығын көре алатындай жылжи отырып, айқасты басқаруға;
2) қатысушыларды шақыруға;
3) шаншуларды (тию) есепке алу немесе есептеу;

4) әрбір айқастың алдында немесе олар ауыстырған әрбір жағдайда қатысушылардың киімін, қаруын және құрал-жабдықтарын тексеруге;
5) аппараттың дұрыс жұмыс істеуін бақылау. Өзінің бастамасы бойынша немесе команда өкілінің немесе қатысушының өтініші бойынша мүмкін жарамсыздықты тексеру немесе анықтау үшін сынақ жүргізеді;
6) жарыстың тәртібін қолдауға;
7) бұзушылықтар үшін айып ұпайларды беру немесе бессайысшыны кезеңнен шығарып тастау жолымен жазалау, төреші кезең директорынан көрермендерді қоса кез келген қатысушы тұлғаны шығарып тастау жөнінде сұрай алады. Шығарып тастау ескертумен де ескертусіз де болуы мүмкін.
8) Жарыстың төрешілер комитетіне бессайысшыны шығарып тастау немесе дисквалификациялау туралы өтініш беруге, ол тиісті хатитамаларға жазылуға тиіс және ол туралы бессайысшыны ескерту қажет.

2.3.4. Төрешінің ассистенттері бессайысшының қару ұстамайтын қолын пайдаланғаны немесе басқа рұқсат етілмеген әрекеттері туралы хабарлау үшін жауапты болады.

2.4. Қауіпсіздік шаралары

2.4.1. Бессайысшылар тәуекелге бел байлап, өзінің жеке стилінде айқаса алады, тек семсерлесудің негізгі ережелерін сақтауға тиіс;

2.4.2. Бессайысшының жауапкершілігі

Бессайысшылар қауіп және тәуекелге бел байлап, өзіне жауапкершілік ала отырып, қаруланады, жабдықталынады, киінеді және айқасады.

2.4.3. Ережемен белгіленген қауіпсіздік шараларының мақсаты тек бессайысшылардың қауіпсіздігін күшейту болғанымен, ешқандай кепілдік берілмейді, ендеше олар қалай пайдаланылса да, салдары үшін ешкім де жауапты болмайды: UIPM де, жарысты ұйымдастырушылар да, ресми тұлғалар да, жарысты өткізу тапсырылған персонал да, осындай жазатайым оқиғалардың авторлары да.

2.4.4. Жарыстарға қатысатын барлық бессайысшылар осы Ереженің В бөліміндегі 2.17-тармағында сипатталған құрал-жабдықты пайдалануға міндетті.

2.4.5. Жарыстарға қатысатын немесе келетін барлық тұлғалар тәртіпті сақтауға тиіс. Айқастарды жүргізу кезінде жолға жақындауға, спортшыларға кеңес беруге, төрешілерді немесе басқа ресми тұлғаларды сынауға немесе кемсітуге, төрешінің шешіміне дейін шапалақтауға немесе кез келген тәсілмен оның жұмысына кедергі жасауға тыйым салынады. Төреші айқастың тыныш өтуіне кедергі жасайтын барлық әрекеттерді тыйып тастауға тиіс.

2.4.6. Мына тұлғаларға ғана жарысты өткізу алаңына өтуге рұқсат етіледі:

1) UIPM Президенті мен UIPM Атқарушы комитетінің мүшелеріне;
2) UIPM техникалық делегаттарына немесе ұлттық техникалық бақылаушыларға;
3) UIPM медициналық бақылаушыларына;
4) UIPM Техникалық комитетінің мүшелеріне;
5) Апелляциялық қазылар алқасының және жарыстың қазылар алқасының мүшелеріне;
6) Команда мүшесі бірге жүрген спортшыларға;
7) Тағайындалған төрешілер мен Ұйымдастыру комитетімен аккредиттелген тұлғаларға.

2.4.7. Егер жарыстың алаңының ішкі жағында жолдардың ішінде тұрған қоршалған аумақ болса, онда тек спортшылар, төрешілер, жолдардағы төрешілер, хронометристер, есеп үшін жауапты тұлға және UIPM техникалық делегаты ғана болуы мүмкін. Қалғандары бұл аумақтан тыс, Ұйымдастыру комитетімен белгіленген жерлерде тұруға тиіс.

2.4.8. Спортшысы жарысқа қатысып жатқан әрбір Ұлттық Федерацияға әрбір спортшы үшін жолдың жанында қоршалмаған алаңда тұруға құқығы бар бір адамды тағайындауына болады. Ұйымдастыру комитеті осы адамдар үшін қажетті кеңістікті ұсынуға міндетті.

2.5. Түрді өткізу тәртібі

2.5.1. Семсерлесу бойынша жарыстар бір шеңберде өтеді, командалар 2В қосымшасында көрсетілгеніндей алдын ала анықталған тәртіпте кездеседі.

2.5.2. Жеке есептегі жарыста бір команданың әрбір қатысушысы қарсылас команданың барлық қатысушылармен кездесетіндей өткізіледі. Бір команданың семсерлесушілері бірінші тур басталар алдында өзара айқастар өткізуге тиіс. Эстафеталық жарыстарда спортшы тек қарсылас команданың өз нөміріне сәйкес келетін спортшысымен ғана айқасады.

2.5.3. Жеке жарыстарда барлық айқастар бір шешуші шаншу үшін өткізіледі және FIE мақұлданған электрлік есептеу аппаратымен есептелуге тиіс.

2.5.4. Эстафетада айқастар саны командалардың санына байланысты болады; әрбір айқас бір минутқа созылады.

2.5.5. Барлық командалар жарыстың әрбір турын бір уақытта бастайды.

2.5.6. Айқастарды жүргізу тәртібі:

1) жеке есептегі жарыстарда бір команда мүшелерінің арасында:
   3 спортшыдан тұратын команда: 1-3,2-1,3-2;
   4 спортшыдан тұратын команда: 1-3,2-4,2-1,-4-3,1-4,3-2;
2) жеке есептегі жарыстарда екі команданың арасында:
   2 спортшыдан тұратын команда: 1-4,2-3,2-4,1-3.
   3 спортшыдан тұратын команда: 1-4,2-5,3-6,5-1,6-2,4-3,1-6,2-4, 3-5.
   4 спортшыдан тұратын команда: 3-8,4-6,1-7,2-5,6-3,8-1,5-4,7-2,1-6,3-5,2-8,4-7,5-1,6-2,7-3,8-4.
3) эстафеталық жарыстарда 1,2 және 3-ші нөмірлі спортшылар қарсы команданың осындай нөмірлі спортшыларымен кездеседі, яғни, 1-№2, 2-№2, 3-№3.
4) егер жарысқа қатысушылардың жалпы саны 21-ден кем болса, онда бірінен соң бірі екі тур өткізу қажет, оның барысында спортшы жолдан кетпейді. Осы жағдайда әрбір айқастың уақыты 1 минут.

5) егер матчтың уақыты аяқталса, онда семсерлесу жөніндегі директордың немесе төрешінің шешіміне сәйкес екі команда екі жолда жарысады немесе өз матчын жалғастырады.

2.6. Бессайысшының құрал-жабдығы

2.6.1. Құрал-жабдықты бақылау:

1) Ұйымдастыру комитеті аккредитациялық орталықта команданың ресми тұлғалары мен спортшыларды олардың құрал-жабдығы қашан және қайда тексерілетіндігі жөнінде хабардар етуге тиіс;
2) UIPM ресми жарыстарында спортшылар жолға шыққан сәттен бастап өздерінің құрал-жабдықтары (киімі мен қаруын қоса санағанда) үшін жауапты болады.
3) UIPM ресми жарыстарында спортшылар В бөлімінде белгіленген семсерлесуге арналған костюмді, масканы және сапыны пайдалануға тиіс.
4) спортшылар UIPM әрбір ресми жарыстарының кестесінде көрсетілген уақытқа сәйкес қаруды тексеру орталығына жарыс уақытында пайдаланытын қаруымен келуге міндетті. Тексеру орталығына тапсыруға болатын құрал-жабдықтардың саны шектелген: әрбір спортшы үшін төрт сапы, үш шнур және екі маска. Әрбір ұлт тексеру орталығына өзінің қаруын арнайы сөмкеде тапсыруға тиіс.
5) Айқын таңбасы бар тексерілген құрал-жабдық команда капитандарына семсерлесу басталғанға дейін кемінде бір сағат бұрын, бір күнде өткізілетін жарыстар кезінде – бірінші түр басталар алдында.
6) костюм, қару мен құрал-жабдықты соңғы тексеруді төреші әрбір айқас басталар алдында жүргізеді. Тексеру барысында істемей қалған электрлік құрал-жабдық Ұйымдастыру комитетінің шеберханасында жөнделуі мүмкін, бірақ барлық спортшылардың құрал-жабдығын тексеріп болған соң ғана.

2.6.2. Тексерістен өтпеген құрал-жабдық:

1) Егер спортшы жолда ережеге сәйкес келмейтін немесе ақауы бар құрал-жабдықты пайдаланса, онда төреші оны бірден алып қояды және тексереді. Ол ережеге сәйкес түзетілген соң және одан арғы тексеруден өткен соң ғана спортшыға қайтарылады.

2) Айқастың барысында айқас барысындағы жағдайлардан туындаған құрал-жабдыққа қатысты жарамсыздық анықталса, сапының сымы, немесе шнур істемей қалса, жаза қолданылмайды. Жөнделмеген қарумен жасалған шаншу жарамды болып саналады. Құрал-жабдықтың жарамсыздығын анықтаған басқа кез келген жағдайлар Ереженің 2.14.1. – тармағына сәйкес жазаланатын болады.

3) Ереженің 2.14.1-тармағына сәйкес төреші мына жағдайларда спортшыны жазалай алады:

- тексерістен өткен 1-сапымен, немесе
- тесерістен өткен тек бір шнурмен, немесе
- іске жарамсыз немесе ереженің талаптарына сәйкес қару немесе шнурмен, немесе
- спортшы жолға шыққан сәтте бүгілуі 1 см-ден асатын қарумен, немесе
- ережеге сәйкес келмейтін немесе спортшының қажетті қорғанғыштығын қамтамасыз етпейтін киімде семсерлесуге шыққан спортшыны.

4) Егер спортшы семсерлесу жолына шықса және бұл ретте оның қолындағы құрал-жабдықтың алдын ала тексерістен өткендігі жөнінде белгі болмаса, төреші:

- егер шаншу болса, оны жоққа шығарады;
- Ереженің 2.14.1-тармағына сәйкес спортшыны жазалайды;
- егер спортшы алдын ала тексеруден өту кезінде тексерістен өтуге жатпайтын заттарының ережеге сәйкес келмегені үшін Ереженің 2.14.1-тармағына сәйкес жазаланады.

5) Егер спортшы семсерлесу жолына шықса және бұл ретте оның қолындағы құрал-жабдық:

- алдын ала тексеруден өткен соң кейіннен әдейі өзгертілсе немесе алдын ала тексеруден өткендігі жөніндегі белгі ауыстырылса немесе ұқсатып қайта жасалса;
- шаншуды есепке алатындай мүмкіндікпен кез келген тәсілмен өзгертілсе немесе аппаратура жұмыс істемесе;
- егер ол жолдан тыс жерде тұрған адамға бессайысшымен сөйлесуге мүмкіндік беретін электрондық құрылғымен жабдықталса, онда осы жағдайларда төреші осы құрыл-жабдықты дереу тәркілейді және кезекші сарапшыға тексеруге береді. Егер кезекші сарапшы ережені бұзу фактісін растаса, онда төреші Ереженің 2.14.1-тармағына сәйкес спортшыны жаза жариялайды.

2.7. Ұпайларды есептеу

2.7.1. UIPM барлық ресми жарыстарында семсерлесудің барлық айқастары үшін жеке есепте де, сонымен бірге командалық есепте де қазіргі бессайыстың ұпайларын есептеу жүргізіледі.

2.7.2. Жеке есептегі жарыстар: айқастардың 70%-ын жеңсе, ол 1000 ұпайға сәйкес келеді. Жүргізілген айқастардың санына сәйкес осы саннан жоғары немесе төмен әрбір жеңіс төмендегі ұпайларды есептеу кестесіне сәйкес бағаланады. Ол осы ереженің қосымшасы болып табылады (2А қосымшасы). Бірде бір айқаста жеңіске жетпеген бессайысшыда ноль ұпай болады.

2.7.3. Эстафетадағы жарыстар: айқастардың 70%-ын жеңсе, ол 1000 ұпайға сәйкес келеді. Жүргізілген айқастардың санына сәйкес осы саннан жоғары немесе төмен әрбір жеңіс төмендегі ұпайларды есептеу кестесіне сәйкес бағаланады. Ол осы ереженің қосымшасы болып табылады (2А қосымшасы).

2.7.4. Жеңіс саны тең болғанда. Жеңіс саны тең болғанда орындар мынадай ретпен айқындалады:

- егер екі бессайысшының жеңіс сандары тең болса, онда осы екі бессайысшының арасындағы айқасты жеңген бессайысшы жеңімпаз болады;
- егер екі бессайысшыдан артық спортшылардың жеңіс сандары тең болса, арасындағы айқастардың ең көбін қайсысы жеңіп алса, сол жеңімпаз атанады;
- егер жеңімпазды анықтау мүмкін болмаса, онда олардың барлығы жеңімпаз болып танылады.

2.8. Нәтижелерді тану және көрсету

2.8.1. Нәтижелерді тану

Матчтан кейін бірден команда өкілдері немесе спортшылардың өздері төреші нәтижелердің дұрыстығын тексеру үшін берген айқастардың нәтижелері жазылған хаттама парағына қол қоюға тиіс. Команда өкілдері немесе спортшылардың өздері нәтижелері жазылған хаттама парағына қол қойған соң, нәтижелерге қатысты ешқандай арыз қаралмайды.

2.8.2. Нәтижелерді көрсету

А және В санаттарындағы UIPM жарыстарында командалар мен көрермендерге матчтардың өткізілу тәртібі туралы ақпарат міндетті түрде бірінен соң бірі берілетін болады. Матчтардың нәтижелері үлкен дисплейі бар таблода көрсетілуге тиіс.

2.9. **<u>Бессайысшылардың тәртібі</u>**

Спортшылар бір –бірін, төрешілер мен көрермендерді әрбір айқастың алдында және кейін сәлемдесе отырып, өздерінің оппоненттеріне сый-құрмет білдіруге тиіс. Айқастан кейін, төреші шешімін жариялаған соң, спортшылар бір-бірінің қолын қысуы тиіс, бұл ретте қолдарында қару болмауға тиіс. Осыны орындамау Ереженің 2.14.5-тармағына сәйкес жазаланады.

<u>2.10. Семсерлесу</u>

2.10.1. Қаруды ұстау тәсілі:

1) Қорғану әрекеті бірге немесе жеке қолданылатын сапы немесе гарда көмегімен ғана орындалады;

2) ілгек немесе арнайы (ортопедиялық) нысандағы арнайы құрылғы болмаса, бессайысшы сабын қалай ұстағысы келсе, солай ұстайды; сонымен бірге ол айқас кезінде өзінің қолының қалпын өзгерте алады. Алайда уақытша немесе тұрақты, ашық немесе жасырын түрде қаруды лақтыратын снарядқа айналдыруға болмайды. Қаруды қолдың буыны сапыны жібермейтіндей, және шабуылға шыққан уақытта сап арқылы артқа кетпейтіндей әрекет жасау қажет.

3) Егер арнайы құрылғы, ілгек немесе арнайы (ортопедиялық) нысан болса, онда сабы үлкен саусақтың жоғары жағы сапының желобогы қай жаққа бағытталса, сол жаққа бағытталуға тиіс.

4) Қаруды бір қолмен ғана ұстайды; егер қолдың буыны немесе қолы жарақаттанып соған төрешінің арнайы рұқсаты болмаса, қатысушы айқастың соңына дейін қолын ауыстыра алмайды.

2.10.2. «Айқасқа» қалпы

1) бірінші болып шақырылған спортшы төрешінің оң жағында тұруға тиіс;

2) төреші әрбір қатысушыны алдында тұрған аяқтың басы айқастың ортаңғы жолынан екі метр қашықтықта тұратындай қоюға тиіс (яғни «Айқасқа» сызығының артынан) .

3) «Айқасқа» қалпы басында және «Айқасқа» қалпы әрқашанда жолдың енінің ортасында орналасады.

4) Айқастың барысында қатысушылар «Айқасқа» қалпында тұрса, олардың арасындағы ара-қашықтық олар айқас қалпына сызықтағы қарумен қолын созып тұрғандағыдай , бір-бірінің қаруларына тимейтіндей болуға тиіс.

5) Қашықтықта «Айқасқа» қалпына қайта оралу айқасты тоқтату кезінде осы сызықтың алдында тұрған қатысушының артқы шакарасының сызығының артында орналасуға мүмкіндік бермейді. Егер ол бір аяғымен артқы сызықтан асып тұрса, онда өз орнында қала береді.

6) Қашықтықта «Айқасқа» қалпына қайта оралу айқас жолының шеткі шекарасына шығу кінәлы қатысушының сыртқы шекараның сызығына орналасуына әкеп соғады, ендеше соның салдарынан оған айып шаншу беріледі.

7) Бессайысшылар төреші берген «Айқасқа» («Ан гард») командасы бойынша «Айқасқа» қалпына тұрады. Сосын төреші сұрайды: «Дайынсыңдар ма?» («Эт ву прэ?»). Дайын екендігі жөнінде жауап алған соң немесе қарсы жауап болмаса айқастың басталуы туралы белгі береді: «Бастаңдар!» («Алле!»).

8) Қатысушылар «Айқасқа» қалпында дұрыс тұруға және төрешінің «Бастаңдар!» деген белгісіне дейін қозғалмай тұруға тиіс.

2.10.3. Айқасты бастау, тоқтату және қайта жалғастыру

1) ережеге сәйкес келетін құрал-жабдықпен толығымен жабдықталған спортшы немесе команда семсерлесу бойынша жарыс басталғанға дейін белгіленген орынға және уақытында келуге тиіс.

2) төреші бір минут интервалмен белгіленген уақытында және орынға келмеген спортшы немесе команданы екі рет шақырады. Егер спортшы шықпаса, онда Ереженің 2.14.4-тармағына сәйкес жазаланатын болады.

3) айқас «Бастаңдар!» деген команда бойынша басталады. Осы командаға дейін жасалған шаншу (соққы) есептелмейді.

4) «Бастаңдар!» деген командадан соң бессайысшылар «Айқасқа» қалпына тұрса да немесе осы командадан кейін екі атлет те пассивті болу фактісі айқастың шын мәнінде басталғанына жатпайды. Айқас шын мәнінде басталған болып саналуы үшін бессайысшылар міндетті түрде құрал-жабдықты пайдалана отырып, семсерлесе бастауға тиіс.

5) Егер бессайысшы алдын ала жарысқа шығатындығы жөнінде хабардар етілсе, бірақ төрешінің бірінші талабы бойынша жолға шықпаса, онда ол Ереженің 2.14.1-тармағына сәйкес айыппұл төлейтін болады.

6) айқас «Тоқта!» командасымен тоқтатылады, айқастың әдеттегі және қалыпты жағдайларын санамағанда.

7) «Тоқта!» командасы берілген соң, қатысушы басқа әрекет жасай алмайды, жасалған шаншу (соққы) есептелмейді.

8) егер бессайысшылардың бірі «Тоқта!» командасына дейін тоқтаса және оған қарсыласы шаншу (соққы) жасаса, жасалған шаншу (соққы) есептелінеді.

9) Спортшы жолда тұрса да, тұрмаса да, төреші «Тоқта!» командасын бергенге дейін маскасын шешуге болмайды. Осы командаға дейін масканы шешіп қойса, ол Ереженің 2.14.1-тармағына сәйкес жазаланады.

10) Сонымен қатар «Тоқта!» командасы айқас қауіпті, ретсіз және Ережеге қарсы келетін сипат алған уақытта беріледі, бессайысшының бірі қарусыз қалса, бессайысшылардың бірі айқастың жолынан шығып кетсе, немесе қорғана отырып көрермендерге немесе төрешіге жақындап қалса;

11) Төреші «Бастаңдар!» мен «Тоқта!» командасының арасында спортшыларға айқас жолынан шығуға рұқсат бермейді, тек ерекше жағдайларда ғана рұсқат етіледі. Егер спортшы жолдан рұқсатсыз кетіп қалса, онда ол Ереженің 2.14.1-тармағына сәйкес жазаланады.

<u>2.10.4. Айқастың ұзақтығы</u>

1) Айқастың ұзықтығы бұл «Бастаңдар!» мен «Тоқта!» командаларының арасындағы уақыттардың қосындысынан тұратын оның нақты ұзақтығы.

2) тоқтауды санамағандағы айқастың нақты ұзақтығы – 1 минут.

3) «Тоқта!» командасына дейін не дәл сол сәтте жасалған шаншу есептеледі.

4) айқастың ұзақтығын төреші немесе хронометрист бақылайды.

5) егер арнайы көрінетін хронометр орнатылмаса, онда қатысушылар айқастың соңына дейін қалған уақытты айқас тоқтатылған кезде біле алады.

6) бессайысшылар уақытты білу үшін айқасты тоқтата алмайды. Осындай тоқтату болған жағдайда, олар Ереженің 2.14.1-тармағына сәйкес айыппұл төлейді.

7) егер қатысушы айқастағы тоқтатуларды қасақана ұзартқысы немесе шақыртқысы келген жағдайда, төреші Ереженің 2.14.1-тармағына сәйкес оны жазалайды.

8) тиісті уақыт аяқталған соң, егер хронометр аппаратқа қосылып тұрса, онда ол қатты дыбыс белгісін береді және шаншуларды электресептеуішті автоматты түрде блокадалайды. Алайда, блокировкаға дейін тіркелген белгілер аппартатта қалуға тиіс. Айқас дыбыс белгісі арқылы тоқталған болып саналады.

9) егер хронометр аппаратқа қосылмаса, хронометрист «Тоқта» деп айқайлауға тиіс немесе айқасты тоқтататын дыбыстық белгіні беруге тиіс. Айқас дыбыстық белгі бойынша тоқтатылды деп саналады.

10) хронометр жарамсыз болған немесе хронометрист қателескен жағдайда, айқастың соңына дейін қалған уақытты төреші өзі айқындайды.

2.10.5. Шаншу (соққыны) жасау тәсілдері

1) сапы тек шанышқылы қару болып табылады. Осы қарумен шабуыл жасау әрекеті оның ұшы тек қана ұшы арқылы жасалады.

2) Айқас кезінде («Бастаңдар!» мен «Тоқта!» командаларының арасында) қарудың ұшын ток өткізетін жол бойынша сүйретуге немесе шаншуға қатаң тыйым салынады. Сондай-ақ кез келген уақытта жол арқылы қаруды түзетуге тыйым салынады. Әрбір бұзушылық Ереженің 2.14.1-тармағына сәйкес жазаланады.

3) қарсыласының артына жүгіріп өту немесе алға сенімді жылжу арқылы жүзеге асырылған ырғу шабуылы рұқсат етіледі, егер ол бірнеше рет «кор-а-кор» қалпына әкеліп соқса да. Қарсыласын қатты итеруге әкеліп соққан ырғу шабуылы қасақана дөрекілік актісі ретінде саналады және Ереженің 2.14.1-тармағына сәйкес жазаланады.

4) «Кор-а-кор» қалпынсыз қарсыласының артына жүгіріп өту арқылы жүзеге асырылған ырғу шабуылы болған кезде, төреші мүмкін рипосты жоймау үшін «Тоқта!» командасын тым ерте бермеуге тиіс; егер осы шабуылды ырғу арқылы өткізсе және қарсыласына шаншу жасамаса, шабуылшы шеткі шекарадан ауысады, онда ол Ереженің 2.10.9.6.-тармағына сәйкес жазаланады.

5) «Кор-а-кор» қалпы қарсыластың екеуі де өзара жанасқан жағдайда орын алады; осы жағдайда төреші айқасты тоқтатады.

6) шаншу жасау үшін немесе қарсыласын итеру үшін қасақана «кор-а-кор» қалпын шақыруға тыйым салынады. Осындай бұзушылық болған жағдайда, төреші кінәлы қатысушыға Ереженің 2.14.1-тармағына сәйкес жаза қолданады.

7) Семсерлесушілер өз қаруларын еркін пайдалана алған уақытқа дейін, ал төрешінің айқаста олардың іс-әрекетін қадағалау мүмкіншілігі болғанға дейін жақын айқас жүргізуге болады.

8) Құлауға әкеліп соққан барлық іс-әрекеттер жарамсыз деп саналады. Барлық есептелген шаншулар қосымша айыппұлсыз жойылуға тиіс.

9) Барлық заңсыз әрекеттерге (ретсіз семсерлесу, жолда тыйым салынған қозғалыстар, дөрекі жағдайда орындалған шаншулар, гардамен немесе сапының сабымен жасалған шаншулар) тыйым салынады және олар Ереженің 2.14.1- немесе 2.14.2- тармағына сәйкес жазаланады. Осындай бұзушылық болған жағдайда, кінәлы спортшы жасаған шаншу жойылады.

2.10.6 Зақымдану беті

Сапымен семсерлесуде бессайысшының киімі мен оның құрал-жабдығын қоса алғандағы барлық денесі зақымдану беті болып саналады.

2.10.7. Ауытқулар – ауыстыру және ауысу

1) ауыстыру мен ауытқулар рұқсат етіледі, оның ішінде қарусыз қолымен еденді жанасқан жағдайда.

2) айқас кезінде қарсыласына арқасымен бұрылуға тыйым салынады. Осындай бұзушылық болған жағдайда, төреші кінәлы қатысушыға Ереженің 2.14.1-тармағына сәйкес жаза қолданады және кінәлы спортшы жасаған шаншуды жояды.

3) Айқас барысында қатысушы қарсыласының артына ауысып кетсе, төреші дереу «Тоқта» командасын береді және қатысушыларды ауысқан уақытқа дейінгі орнына әкеледі.

4) осындай ауысу кезінде жасалған шаншу есептеледі; ауысу болған соң жасалған шаншу жойылады; бірақ шабуылға ұшыраған қатысушының айналып жасаған шаншуы есептеледі.

5) егер ырғу арқылы шабуыл жасаған бессайысшыға айқас кезінде шаншу есептелсе, ал ол айқас жолынан шнурды катушкадан немесе оның жалғастыратын шнурын алып тастайтындай қашықтыққа шығып кетсе, оның жасаған шаншуы есептеледі.

2.10.8. Қарусыз қолды пайдалану

1) қорғаныс жағдайында да, шабуыл жасағанда да қарусыз қолды пайдалануға тыйым салынады. Осындай бұзушылық болған жағдайда,

кінәлы қатысушы жасаған шаншу есептелмейді. Төреші Ереженің 2.14.2-тармағына сәйкес бессайысшыға айыппұл салады.

2) Айқас уақытында спортшы ешқандай жағдайда да электр құрылжабдығына қарусыз қолымен жанасуға болмайды, кінәлы қатысушы жасаған кез келген шаншу есептелмейді. Төреші Ереженің 2.14.2-тармағына сәйкес бессайысшыға айыппұл салады.

3) егер төреші айқас уақытында қатысушылардың біреуі қарусыз қолын пайдаланып, зақымдалған бетті зақымдалмаған бетпен жапса, онда ол техникалық директорат тағайындайтын тәуелсіз ассистенттердің көмегін сұрайды. Бұл ассистенттер айқастың екі жағынан да орын алады және әрқайсысы бір қатысушыны бақылайды, қарусыз қолды пайдаланғаны жөнінде қолын көтеріп хабарлайды немесе төрешінің сұрағына жауап береді.

2.10.9. Жолдың шекарасынан өтіп кету

1) Егер спортшы жолдың шектерінің бірін екі аяғымен өтіп кетсе, онда төреші бірден «Halt» командасын береді.
2) Егер спортшы екі аяғымен де жолдың шегінен шығып кетсе, төреші содан кейін жасалған шаншуларды жояды. Спортшы жай және лезде іс-әрекетінің нәтижесінде шаншу алынған деп болжаған спортшының алған шаншуларын есептемегенде.
3) Жолдың шекарасын бір аяғымен өтіп кеткен спортшының шаншуы саналады, өйткені шабуыл «Тоқта» командасын басталғанға дейін болды.
4) Егер спортшы екі аяғымен де жолдың шекарасынан шығып кетсе, жолда бір аяғымен болсын тұрған спортшының шаншуы жарамды деп есептелуі мүмкін, екі жақты шаншу болса да.

Артқы шекара

5) Егер спортшы жолдың артқы шекарасын толығымен, яғни екі аяғымен де өтіп кетсе, шаншу оның оппонентінің есебіне жазылады.

Шеткі шекаралар

6) Шеткі шекараны бір немесе екі аяғымен өтіп кеткен спортшы былай жазаланады: спортшыларға жолға қайтадан шығады, және шкарадан шыққан спортшының оппоненті ол сол сәтке дейін тұрған тұғырға қатысты 1 метр алға шығады. Ал кінәлы спортшы тиісінше 1 метр артқа жылжиды. Егер осындай ауысудан кейін спортшының екі аяғы да жолдың артқы шекарасының артында қалса, онда шаншу бұл спортшының пайдасына есептелмейді.

7) Егер спортшы шаншудан қашу үшін бір немесе екі аяғымен шекарадан асып кетсе, мысалы флеш-шабуыл кезінде, ол Ереженің 2.14.2-тармағына сәйкес жазаланады.
8) Шекаралардың біреуін абайсызда, итеру немесе соқтығысу салдарынан, асып кеткен спортшы жазаға тартылмайды.

2.10.10 Жазатайым оқиғалар, спортшыны алып тастау

1) Егер спортшы айқас кезінде күтпеген оқиғаның салдарынан жарақаттанса, және осы фактіні кезекші дәрігер растаса, төреші 5 минутқа үзіліс жариялайды. Бұл үзіліс кезекші дәрігер өзінің қорытындысын жариялаған сәттен басталады және емдеу үшін пайдаланылады. Егер дәрігер осы уақыт ішінде немесе 5 минут өткен соң спортшы әрі қарай айқасты жалғастыра алмайды деп шешсе, ол спортшы жарысқа қатысудан алып тасталынады.
2) Бұған дейін үзіліс алған спортшыға басқа зақымдану немесе жарақат салдарынан күннің қалған уақытына тағы да бір үзіліс берілуі мүмкін.
3) Сіңір тартылу немесе құрысуды қоса алғанда әлсіздену болған жағдайда, спортшыға қалпына келуі үшін 5 минутқа дейін екі кезең берілуі мүмкін.
4) Егер спортшы дәрігердің ойынша негізсіз үзіліс сұраса, төреші оны Ереженің 2.14.2-тармағына сәйкес жазалайды.
5) Егер спортшы қандай да бір себеппен айқастан алып тасталынса, онда оның барлық айқастарының нәтижелері жойылады.

2.11. **<u>Шаншуларды есептеу және жою</u>**

2.11.1. Шаншуды есептеу

1) Сапымен жарыс кезінде төрешілік электресептеуіш арқылы жүргізіледі және қажет болған жағдайда төрешілер шешім қабылдайды (2.3.4.-ереже)
2) Шаншудың жасалуы туралы төрелік ету үшін, тек қана электресептеуіштің көрсеткіштері назарға алынады. Егер спортшының электрсептеуіші оны есептемесе, төреші қатысушыға шаншуды есептей алмайды (Ереженің 2.10.2.6) және 2.10.3.2.- тармағымен көзделген жағдайларды есептемегенде).
3) Егер ассистенттер ереженің 2.3.4.-тармағына сәйкес оны хабардар етсе, төреші электресептеуіш тіркеген шаншуды жояды.

2.11.2. Шаншудың (соққының) жарамдығы немесе басымдығы

1) Айқасты тоқтатқан соң төреші соңғы семсерлесу кезеңі тұрған іс-әрекеттерге қысқаша талдау жасайды.
2) Шаншуды жасау фактісі тіркелген соң, төреші Ережеге сәйкес қатысушылардың қайсысына шаншу (соққы) беріледі, шаншу (соққы) екі қатысушығы да беріледі ме немесе бірде бір шаншу (соққы) есептелмейтіндігі жөнінде шешім қабылдайды.
3) Төреші мына ым-ишаратты қолданады (3-сур.қараңыз).

2.11.3. Шаншуларды жою

1) Айқас кезінде төреші мына жағдайларда болған шаншуларды санамайды:

- «Бастаңдар» командасына дейін немесе «Тоқта» командасынан кейін жасалған шаншулар;
- Сапылардың ұштарының соқтығысуынан немесе еденге шаншудан болған;
- Немесе қарсыластан тыс және оның құрал-жабдығынан тыс қайндай да бір заттарға жасалған;
- Өзінің қарсыласынан тыс қандай да бір жерге қасақана шаншу жасаған семсерлесуші Ереженің 2.14.2-тармағына сәйкес жазаланады.

2) Төреші электр құрал-жабдығының мүмкін жарамсыздықтарын назарға алып, мына жағдайларда тіркелген шаншуларды жоюға тиіс:

- аппарат шаншуды алғандығын тіркеген қатысушының гардасына немесе төк өткізетін жолға жасалған шаншу электресептеуіштің белгісін шақырса;
- аппарат шаншуды алғандығын тіркесе, қатысушы жасаған дұрыс шаншу электресептеуіштің белгісін шақырмаса;
- оған шаншу алғандығы тіркелген қатысушыны тарапынан аппарат мезгілсіз белгілер берсе, мысалы, орталық аппаратқа берілетін қару бойынша батман, қарсыластың қандай да бір қимылы, жолдағы дірілдер салдарынан немесе қандай да бір басқа себептермен, шын мәніндегі шаншудан емес.
- Егер шаншуды алғандығы тіркелген қатысушы жасаған шаншу туралы белгі қарсыласы кейіннен жасаған шаншумен жойылса;
- Бір жарамды және бір жарамсыз шаншу болған жағдайда (қарсыластан ты с жасалған шаншу немесе айқас алаңынан шыққаннан кейін жасалған шаншу), екі жақты шаншулар тіркелсе, тек жарамды шаншу ғана есепке алынады.

3) Шаншуларды жою үшін төреші мына ережелерді қолданады:

- Жарамсыздықты белгілеудің алдында жасалған соңғы шаншуды жоюға болады және осы шаншу тіркелген қатысушы сол үшін қолайсыз жағдайға ұшыраса ғана;
- Жарамсыздық айқас тоқтатылған соң төрешінің қадағалауымен және пайдаланылатын жабдықта қандай да бір өзгерістерсіз дереу жасалған сынама арқылы анықталады;
- Осы сынамалармен тек жарамсыздықтың салдарынан төрешіліктің жіберген қателіктерінің тәжірибелік мүмкіндігін ғана анықтауға болады. Қайсы бір семсерлесушінің жеке жабдығын қоса алғанда осы жарамсыздықтың аппаратурадағы жалпы орны, төрешілер үшін маңызды емес;
- Шаншуды жою үшін жарамсыздықты растауды әрбір сынаманың көрсеткендігі міндетті емес. Ол бір рет болсын еш күмәнсыз төрешімен анықталғаны маңызды.
- Төрешінің нұсқауын күтпей қандай да бір өзгеріс енгізген немесе өзінің жабдығын шешім қабылдағанға дейін ауыстырған қатысушы жою құқығынан айрылады. Дәл солай «Айқасқа» қалпы қабылданған соң және айқас қайта жалғасқан соң қатысушы осы айқас жалғасқанға дейін тіркелген шаншуды жойылған деп есептеуді талап ете алмайды;
- егер осындай жағдайлар қатысушының (бессайысшының қолында немесе арқасында болса да) жеке шнурының байланыс айырын ажырату салдарынан болса, бұл аппарат тіркеген шаншуды жою үшін себеп бола алмайды. Алайда, егер В Ережесінің 2.16.3.4)-т. айтылған сақтандыратын құрылғы жұмыс істемесе немесе ол жоқ болса, онда ажырау қатысушының арқасында болса, шаншу жойылуға тиіс;
- қатысушының сапысында тоттың, желімнің, сырдың немесе қандай да бір басқа заттың әсерінен пайда болған үлкен немесе кіші айырғыш дақтар болса, сондай-ақ егер ұшы жүзінде қолымен бұрауға мүмкіндік беретіндей нашар бекітілсе, аппараттың сигналын шақыруға мүмкін болатын шаншулар осы бессайысшыға тіркелген шаншуды жою үшін негіз бола алмайды;
- егер осы сыну шаншуды тіркеген соң болған жағдайды есепке алмағанда, шаншуды алғаны тіркелген қатысушының сапысының сынуы, оған қарсыласы жасаған шаншуды жою үшін негіз бола алады;

- егер қатысушы еденді шанши отырып ток өткізетін жолды кессе, және осы уақытта оның қарсыласына шаншу жасағандығы жөнінде белгі берілсе, онда мұндай шаншу жойылады. Күтпеген себептер бойынша тексеру мүмкін болмаған барлық жағдайларда шаншу күдікті болып есептеледі және жойылуға тиіс;

2.11.4. Күдікті шаншулар және екі есе қорғаулар.

1) Төреші аппарат тіркемеген немесе дұрыс тіркемеген шаншуларға тиянақты қарауға тиіс. Осындай жарамсыздықтар қайталанатын болса, төреші қатысып отырған техникалық сарапшылардан осы құрал-жабдықтың ережеге сәйкестігін тексеруін сұрайды. Сарапшы қатысушының электр құрал-жабдығы мен жабдығын тексеру өткізгенге дейін төреші оның ештеңені өзгертпеуін қадағалауға тиіс.

2) Төреші сонымен қатар ток өткізетін жолдың жағдайын қадағалауға міндетті, егер жолда тесіктер болса, ол айқасты жүргізу немесе жалғастыруға жол бермейді, өйткені олар қате тіркеу немесе жазатайым оқиғаға әкеп соғуы мүмкін.

3) Екі есе шаншулар жойылады және спортшылар екі есе шаншу болған сәтке дейін қандай тұғырда болса, сол тұғырда айқас жолына қайтадан тұрады.

4) шаншу оппоненттің өзіне емес, кез келген бетке тисе, біреуі есептелетін ал екіншісі есептелмейтін екі есе шаншу болған жағдайда (2.10.9.7-тармағы) немесе егер шаншу жолдың шекарасынан асып кетіп (2.11.3.1-тармағы) жасалса, онда тек тіркелген шаншу ғана есептеледі.

5) егер спортшы жасаған шаншу оған оппоненті жасаған келесі шаншумен жойылатын болса, онда тек есептелген шаншу тіркеледі.

6) жеңіс шаншу жасалғанға дейін айқастың уақыты аяқталса, онда екеуіне де бір жеңілістен есептеледі.

2.12. Бұзушылықтар мен жазалаулар

2.12.1. Семсерлесу түрі өткізілген уақытта барлығы тәртіпті сақтауға және жарысты тыныш өткізуге кедергі жасамауға тиіс. Қазіргі бессайыс бойынша жарысқа қатысу фактісі спортшыны төрешенің нұсқаулары мен шешімдерін орындауға, семсерлесу жөніндегі директорға және қазылар алқасына құрметпен қарауға, жолдағы төрешілердің бұйрықтары мен ұйғарымдарына бағынуға

міндеттейді. Кез келген ережені бұзу Ереженің 2.14.1 және 2.14.3-тармақтарына сәйкес жазаланады.

2.12.2 Спортшылар неғұрлым жақсы көрсеткіштер көрсету мақсатымен белсенді түрде, семсерлесу бойынша жарыстың соңына дейін спорттық мәнерде семсерлесуге тиіс. Егер айқас уақытында спортшы шаншу жасамаса немесе өзінің оппонентінен шаншу алуға тырысатын болса, осындай әрекеттер Ереженің 2.14.4-тармағына сәйкес жазаланады.

2.12.3. Егер спортшы айқас барысында өзінің оппонентіне қатысты айқын қатыгез немесе кекшіл әрекет жасаса, енжар семсерлессе, өзінің оппонентімен айқастың аяқталуы туралы алдын ала келісімге келетін болса, онда ол спортшы жарыстан алып тасталынуы мүмкін немесе Ереженің 2.14.4- тармағына сәйкес дисквалификацияланады.

2.13. Жазалаулар түрлері

2.13.1. Жіберілген бұзушылық үшін жолдағы орнын алып қою және жасалмаған шаншуды есептемеу немесе есептеуден бас тартудан басқа жазалаудың үш түрі бар. Бұзушылықтың бес тобы бар. Егер төреші бірнеше бұзушылықты бір мезгілде жасаған бессайысшыны жазалағысы келсе, онда ол алдымен неғұрлым қарапайым бұзушылыққа жаза қолданады.

2.13.2. Жазалаулар кумулятивті (жинақталған) болып табылады және олар матчқа қолданылады (бесінші топты қоспағанда). Кейбір бұзушылықтарда атлеттер жасаған шаншу үшін ұпай есептелмейді. Кездесу барысында тек бұзушылықпен байланысты жағдайларда есептелген шаншулар ғана жойылуы мүмкін.

2.13.3. Жазалаудың түрлері:

1) ескерту - төреші кінәлы спортшыға көрсететін **Сары карточкамен** белгіленеді. Осыдан кейін спортшы осы тармақты қайтадан бұзса, онда бұдан да қатыгез жазалау болатынын біледі.

2) 12 немесе 20 ұпайды шегеру - төреші кінәлы спортшыға көрсететін **Қызыл карточкамен** белгіленеді. Бұдан басқа, **Қызыл карточкадан** кейін екінші бұзушылықтың сипатына қарай екінші **Қызыл карточка** немесе **Қара карточка** ғана болады.

3) Жарыстан алып тастау немесе дисквалификация (спортшыларға қолданылады) немесе жарыс өткізілетін орыннан шығарып тастау (жарыстың тәртібін бұзған кез келген тұлғаға қолданылады) - төреші кінәлы спортшыға немесе басқа кінәлы тұлғаға көрсететін **Қара карточкамен** белгіленеді.

2.13.4 Карточка көрсетілген барлық спортшылар оның жасаған бұзушылығының бес тобының бірін және жазалаудың түрін көрсете отырып, матч хаттамасына енгізіледі.

2.14. Бұзушылықтардың топтары

2.14.1. **Бұзушылықтардың бірінші тобы** Сары карточкамен жазаланады (ескерту). Егер матч барысында спортшы бір бұзушылықты қайтадан жасаса немесе осы топтың басқа бұзушылығын жасаса, әр жағдайда төреші оны Қызыл карточкамен (12 ұпайды шегеру) жазалайды. Егер атлет екінші немесе үшінші топтың бұзушылығы үшін Қызыл карточкамен бұған дейін жазаланған болса, ол бірінші топқа қатысты бұзушылығы үшін тағы бір Қызыл карточканы алады.

	Бұзушылықтар	Ереженің тармағы	Бірінші бұзушылық	Екінші бұзушылық	Үшінші және одан кейінгі бұзушылық
Бірінші топ	Киім/құрал-жабдық қойылатын талапқа сәйкес келмейді немесе жұмыс істемейді, қару немесе жалғастырушы сымдар екінші тексерістен өткен жоқ	2.6.2-т. 3)т 2.10.3-т.1)т.			
	Төрешінің бірінші шақыруынан кейін спортшы жолға шықпады	2.10.3-т. 5)т			
	Төрешінің «Тоқта!» командасына дейін маска шешілді	2.10.3-т. 9)т			
	Рұқсатсыз жолдан кетіп қалу	2.10.3-т. 11)т			
	Айқасты себепсіз тоқтату немесе айқас үзілісінің тым ұзақтығы	2.10.4-т. 6), 7)т			
	Жанасу, сапының ұшымен жолдың бойымен жүргізу, қаруды жолға қойып түзету	2.10.5-т. 3)			
	Оппонентпен қатты соқтығысуға әкелетін флешь-шабуыл (*)				
	Итеру, ретсіз семсерлесу, жолда тыйым салынған қозғалыстар, қатыгез мәнерде жасалған шаншулар(*)	2.10.5-т. 9)т	**Сары карточка**		
	Оппонентке арқасымен бұрылу (*)	2.10.7-т. 2)т		**Қызыл карточка**	**Қызыл карточка**
	Электрлік құрал-жабдыққа жанасу	2.10.8-т. 2)т			
	Шаншуды алмау үшін қасақана	2.10.5-т. 6)т			

соқтығысу (*)	
Шарншуды алмау үшін жолдан шығып кету	2.10.9-т. 7)т
Төрешіге бағынудан бас тарту	2.12.1
Негізсіз арыз	2.15.4-т. 3)т

2.14.2. **Бұзушылықтардың екінші тобы:** бірінші және одан кейінгі барлық келесі бұзушылықтар үшін спортшы Қызыл карточкамен (12 ұпайды шегеру) жазаланады.

	Бұзушылықтар	**Ереженің тармағы**	**Бірінші бұзушылық**	**Екінші бұзушылық**	**Үшінші және одан кейінгі бұзушылық**
Екінші топ	Дәрігер растамаған жарақат себебімен айқасты тоқтату	2.10.10-т.4)т.			
	Қару бірінші тексерістен өткендігі жөніндегі белгінің болмауы (*)	2.6.2-т.4)т.			
	Қарусыз қолды пайдалану(*)	2.10.8-т.1)т.	**Сары карточка**	**Қызыл карточка**	**Қызыл карточка**
	Оппонентке емес жасалған қасақана шаншу (*)	2.11.3-т.1)т.			
	Қауіпті, қатыгез, кекшіл әрекеттер, гардамен немесе сапының сабымен соғу	2.10.5-т.9)т.			

2.14.3. **Бұзушылықтардың үшінші тобы:** бұған дейін бірінші немесе екінші топтағы бұзушылықтар үшін Қызыл карточка алса да, бірінші бұзушылықтан кейін спортшы Қызыл карточкамен (12 ұпайды шегеру) жазаланады. Егер бір матчтың барысында спортшы бір бұзушылықты

қайталаса немесе осы топтың басқа бұзушылығын жасаса, ол Қара карточкамен (алып тастау немесе дисквалификация) жазаланады. Жолда тұрмаған, жарыстың өту барысын бұзған кез келген тұлғаға мынадай жаза қолданылады:

- бірінші бұзушылық үшін – Сары карточкамен (ескерту), ол жарыстың барысында қолданыста болады, матчтың хаттамасына енгізілуге және семсерлесу директорымен, UIPM Техникалық делегетамен және ұлттық техникалық бақылаушымен белгіленуге тиіс;
- екінші бұзушылық болған жағдайда, жарыс орнынан шығаруды көздейтін Қара карточка көрсетіледі. Неғұрлым күрделі жағдайларда төреші кінәланған тұлғаны дереу шығарып тастау құқығына ие болады.

	Бұзушылықтар	**Ереженің тармағы**	**Бірінші бұзушылық**	**Екінші бұзушылық**
Үшінші топ	Қару тексерістен өткендігі туарлы белгіні жалған жасап алу, құрал-жабдықты қасақана модификациялау (*)	2.6.2-т.5)т.	**Қызыл карточка**	**Қара карточка**
	Спортшы жолда тәртіпті бұзады	2.12.1		
	Әділетсіз семсерлесу (*)	2.12.2	**Қара карточка**	
	Жолдан тыс тұрған тұлғаның тәртіпті бұзуы	2.12.1	Сары (4)	Ерекшелік 2

2.14.4. **Бұзушылықтардың төртінші тобы:** бірінші бұзушылықтан кейін спортшы Қара карточкамен (дисквалификация) жазаланады.

Бұзушылықтар	**Ереженің**	**Бірінші бұзушылық**

		тармағы	
Төртінші топ	Құрал-жабдықпен алдамшылықты көрсету	2.6.2-т.5)т.	**Қара карточка** (3)
	Төреші бір минуттық үзіліспен үш рет шақырғаннан кейін спортшының шықпауы	2.10.3-т.2)т	
	Спорттық емес мәнерде семсерлесу, өзінің оппонентімен айқастың аяқталуы туралы алдын ала келісімге келу	2.12.2	
	Қасақана дөрекілік	2.12.3	
	Бессайысшы оған айқас уақытында қандай да бір хабарласуды жүзеге асыруға мүмкіндік беретін электрондық коммуникативтік құрал-жабдықты пайдаланса	2.6.2-т.5)т.	

2.14.5. Бұзушылықтардың төртінші тобы: бірінші бұзушылықтан кейін спортшы Қызыл карточкамен және 20 ұпайды шегерумен жазаланады. Ереженің 2.9.-тармағында белгіленгендей, оппонентпен амандасудан немесе оның қолын қысудан бас тартқан жағдайда:

- бірінші бұзушылықтан кейін спортшы Қызыл карточкамен және 20 ұпайды шегерумен жазаланады және бұл матчтың хаттамасына енгізілуге және семсерлесу директорымен, UIPM Техникалық делегетамен және ұлттық техникалық бақылаушымен белгіленуге тиіс;
- екінші бұзушылық үшін Қара карточка алады және кейіннен жарыстан алып тасталынады.

Бұзушылықтар	**Ереженің тармағы**	**Бірінші бұзушылық**	**Екінші бұзушылық**
В бөлімінде айтылғандай, ұлттық түсте орындалған таңғыш тағылмаған	2.18.1-т.4)т.	**Қызыл карточка**	

Бесінші топ	В бөлімінде айтылғандай, оның тегі және ұлттық әріптік код тағылмаған	2.18.1-т.3)т	**(20 ұпайды шегеру)**	
	Сәлемдесуден немесе қолын қысудан бас тарту	2.9.	**Қызыл кар-точка (20 ұпайды шегеру)**	**Қара карточка (1)**

2.14.6. Кестелерге түсіндірмелер:

(*)- ережені бұзған спортшының кез келген жасаған шаншуын жою.
Сары карточка- ескерту, матчтың бойына жарамды болады.
Қызыл карточка – екінші және үшінші топтағы бұзушылықтар үшін 12 ұпайды шегеру, бесінші топтағы бұзушылық үшін 20 ұпай шегеру.
Қара карточка- алып тастау, дисквалификация немесе ерекшеліктер:

1) алып тастау
2) жарыстан шығарып тастау
3) дисквалификация
4) күрделі жағдайларда төреші дереу шығарып тастау туралы шешім қабылдайды.

2.15. Ауызша арыздар

2.15.1. Төрешінің кез келген шешімі түпкілікті болып табылады және шағымдануға болмайды.

2.15.2. Егер төреші қате шешім немесе Ережеге қайшы келетін шешім қабылдаған жағдайда, Семсерлесу директорына артық формалдылықсыз сыпайы түрде ауызша шағым берілуі мүмкін.

2.15.3. Жеке есептегі немесе эстафетадағы жарыстар уақытында жолдағы спортшы ауызша арыз беруі мүмкін.

2.15.4. Семсерлесу Директоры төрешінің шешімін қолдаған жағдайда, наразылықпен Апелляциялық қазылар алқасына хабарласуға болады:
1) Егер наразылық кез келген электр құрал-жабдығын тексеруді көздемесе, спортшылар жолдан шығып кетуі мүмкін. Келесі айқас жалғаса береді. Семсерлесу түрінің қалыпты өтуін қамтамасыз ете отырып, жолға басқа төреші жауап береді.

2) Егер Апелляциялық қазылар алқасы айқасты қайтадан өткізуді тағайындаса, ол мүмкін жағдайда өткізіледі.

3) Егер наразылық жарамсыз деп танылса, спортшыға айыппұл салынады.

В бөлімі

<u>В.2.16. Жергілікті ұйымдастыру комитеті ұсынатын құрал-жабдық</u>

В.2.16.1. Айқас алаңы

1) Айқас алаңы тегіс және горизонтальды жазықтық болуға тиіс. Ол әсіресе еңістеу және жарықтандыруға қатысты қарсыластардың ешқайсысын не басым, не ыңғайсыз жағдайға қоймауға тиіс.

2) Алаңның айқасқа арналған бөлігі жол деп аталады (1,2-сур.қараңыз).

3) Ток өткізетін жол металлдан, металл тордан немесе ток өткізу негізіндегі басқа материалдан жасалады. Ток өткізетін жолдың бір басынан екінші басына дейінгі кедергісі 5 Омнан аспауға тиіс.

- жолдың ені 1,5-2метр.
- жолдың ұзындығы – 14 метр, әрбір қатысушы орта сызықтан 2 метр қашықтықта тұра отырып, артқа қайту үшін артқы шекарадан екі аяғымен асу үшін жалпы ұзындығы 5 метр алаңды иеленетіндей.

4) Айқас алаңында оның ұзындығына перпендикуляр 5 сызық жақсы көрінетіндей сызылады:

- **бір орташа сызық**, ол айқас алаңының бойына үзік сызық түрінде жүргізіледі;
- **айқас басталуының екі сызығы** – ортаңғы сызықтың екі жағынан екі метр жерде (олар айқас алаңының ені арқылы өтуі тиіс);
- **артқы шекараның екі сызығы**, олар ортаңғы сызықтан 7 м қашықтықта айқас алаңының ені арқылы өтеді.

Бұдан басқа, айқас алаңының артқы шекара сызықтарының алдындағы соңғы екі метрі айқын көрсетілуге тиіс:

- егер мүмкін болса, жолдан ерекшеленетін түспен – қатысушылар айқас алаңындағы өздерінің қалпын білуі үшін.

5) Ток өткізетін жол айқас алаңының енін оның барлық ұзыныдығын қоса алғанда толықтай жабады. Жарыстар көтерілген тұғырда өткізілген кезде, тоек өткізетін жол тұғырдың барлық енін жабуға тиіс. Тұғырдың биіктігі 50 см-дан аспауға тиіс, ал оның ені айқас алаңына қарағанда екі жағынан да 25 см-дан артық. Тұғырда әр жағынан еденге дейін жететін шұғыл емес түсіру жолы болуға тиіс.

- Жолдың әрбір жағынан қатысушылар артқа жылжу үшін 1,5-2м қосылады, сонысымен ток өткізетін жолдың жалпы ұзындығы 17-18метрге тең.

- Ток өткізетін жолда сызық жүргізу үшін қолданылатын сыр сызық өтетін жерге шаншу тигенде заласыздандыру үшін ток өткізуге кедергі жасамайтындай болуға тиіс.
- Ұйымдастырушылар жарыс өтетін жерде жолды жөндеу үшін қажет болатын құралдар мен материалдарды ұстауға тиіс;
- Бессайысшылардың артқа жылжуына кедергі жасайтындай ток өткізетін жолдың шеттері бойынша ешқандай валиктар мен кедергілер болмауға тиіс;
- Бір немесе бірнеше кездесулер басқасына қарағанда ұзақ өткен жағдайда пайдаланылатын бір немесе бірнеше қосалқы жолдар болуға тиіс.

В.2.16.2. Ұпайларды есептейтін аппарат

1) Жарыстарда әрбір жолға арналған қайталаудың ішкі лампалары бар орталық төрешілік аппарат орнатылуға тиіс.

- Бессайысшының орталық аппаратпен сым арқылы байланысы бар және жарық сигналымен және көмекші дыбыстық сигналмен жасаған шаншуды тіркейтін электрлік аппаратты ғана пайдалануға рұқсат етіледі. Аппарат сапыдағы байланыстың тұйықталуы салдарынан пайда болған байланысты және токтың тұйықталған тізбектен өтуін тіркейді.
- Аппарат бірінші жасалған шаншуды ғана тіркеуге тиіс. Егер екі шаншудың арасындағы интервал 40 миллисекундтан (1/25 секунд) кем болса, аппарат екі жақты шаншуды тіркеуге тиіс. Бұл ретте екі сигналдық лампа да бір мезгілде көрсетуге тиіс. Егер шаншулардың арасындағы интервал 50 миллисекундтан (1/20 секунд) артық болса, онда аппарат тек бір ғана шаншуды тіркейді. Бұл ретте бір ғана стгналдық лампа жағылады. Уақытты өлшеуде жіберілуі мүмкін дәлсіздік осы екі көрсеткіштің (1/25 және 1/20 секунды) шегінде болады.
- Егер сыртқы кедергі 10 Ом шегіндегі қалыпты шамада болса, аппарат ұзақтығы 2-10 миллисекунд шаншуларды тіркеуге тиіс. Егер ерекше жағдайларда тізбек кедергісі 100 Омды құраса, шаншулар тіркеледі., бірақ ұзақтығы бойынша арнайы шектеусіз.
- Аппарат гарда немесе металл жолға жасалған шаншуларды тіркемеуге тиіс, егер жерге тұйықталған тізбектің кедергісі 100 Омды құраған жағдайларда да. Аппарат металл жолға немесе қарудың металл бөліктеріне жасалған шаншуды тіркемеуге тиіс, бірақ бір мезгілде оппонентке жасалған шаншуларды тіркеуге кедергі жасамауға тиіс.

2) Аппараттар кернеуі 12 вольт болатын ток көзінен қоректенуге тиіс. Қорек көзіне қосуға арналған аппараттың айыры аппаратты қателесіп жалпы электр желісіне қоспайтындай жасалуға тиіс. Егер аппарат батареяларда жұмыс істейтіндей жасалса, онда батареяның

кедергісін кез келген уақытта бақылауға мүмкіндік беретін вольтметрмен немесе кез келген басқа құрылғымен жабдықталуға тиіс. Алайда аппараттардың жоғарыда сипатталған және аккумулятордан қоректенуге мүмкіндік беретін штепселі болуға тиіс.

3) Аппараттың кедергіде тұрғандығы жөнінде белгі беретін **бақылау лампалары** болуға тиіс. Осы лампалар түссіз болуға тиіс.

4) **Визуалды сигналдар** аппараттың екі жағында орналасқан және біреуінің істен шығуы басқаларының жұмыс істеуіне кедергі жасамайтындай және жарамсыз лампа арқылы өтетін токтың күшінің өсуіне әкелмейтіндей қосылған кемінде екі сигналдық лампамен беріледі. Аппараттың сигналы бір жағынан қызыл түсті лампамен, екінші жағынан – жасыл лампамен беріледі. Аппараттың тізбектерінің бірінде массалардың тұйықталуын көрсететін қызғылт сары түс болуы мүмкін. Шаншудың жасалғанын көрсететін лампалар жарықты өткізетін қалпақтармен жабылады. Алайда осы қалпақтар жергілікті жарық лампалардың қалпақсыз жұмыс істеуіне қолайлы және ыңғайлы болатындай жағдайда (күннің көзі болғанда немесе жарыс ашық жерде өткізілсе) алынатындай болуға тиіс.

- Сигналдық лампалар оны төрешілер мен қатысушылар, сондай-ақ аппараттың жұмысы үшін жауаптылар көретіндей аппараттың жоғары бетінде орналасады. Олар шаншу қай жағынан шаншу болғанын нақты көрсететіндей орнатылады. Сигналдар жақсы көрінуі үшін сыртқы лампаларға қосымша лампаларды орнату мүмкіндігін қарастыру қажет.
- Алайда аппараттың лампалары мен қосымша лампалар әр түрлі сигнал берген жағдайда, аппраттың сигналы дұрыс болып саналады.
- сигналды лампалар жұмыс істей бастаған соң, келесі шаншу немесе аппараттың діріліне қарамастан аппаратты қайтадан қосқанға дейін олар жымыңдамай және сөнбей жұмыс істеуге тиіс.

5) Визуалды сигналдар дыбыстық сигналдармен қатар жүруге тиіс. Ол үшін аппараттың қатты дыбыс жүйесі болуға тиіс. Аппаратты басқару батырмалары аппараттың үстіңгі бөлігінде немесе алдыңғы жағында болуға тиіс. Аппаратты сөндіргенге дейін дыбыстық сигналды сөндіруге мүмкіндік беретіндей аппараттың құрылғысы болуға тиіс.
6) Әрбір аппараттың электр қоректендіру көзі (батарея) мен қажетті қосалқы батареялары болуға тиіс.

В.2.16. 3**. Катушкалар**

1) UIPM А санатындағы ресми жарыстарында әрбір жол кемінде сымы бар екі катушкамен және қосу айырларымен жабдықталуға тиіс. Осы ұсыныс сонымен қатар UIPM басқа да ресми жарыстарына таратылады.

2) катушканың клеммадан клеммаға дейінгі әрбір сымының кедергісі 3 Ом-ға тең болады. Катушка толығымен тарқатылса да, ол байланыстың бұзылуына әкелмеуге тиіс. Осындай мақсатпен катушканың байланыс сақиналарында екі жақты сырғитын байланыс ысқыштары болуға тиіс. Катушканың массасымен байланыс үшін қарудың массасымен байланысты өткізгішті таңдайды.

3)Катушкалар пружинаның шаршауына әсерін тигізбейтіндей сымды 20 метрге созуға мүмкіндік беруге тиіс.

4) қатысушының жеке шнурының айыры қосылатын катушканың штепселі мына талаптарға жауап беретін алдын ала құрылғысы болуға тиіс: егер дұрыс қосылмаса, тізбектің жұмыс істеу мүмкіндігінің болмауы; айқас барысында ажырату мүмкіндігінің болмауы, алдыңғы екі талап орындалғандығын қатысушының көру мүмкіндігі.

5)Қосу шнурларының үш сымының әрқайсысының кедергісі 2,5 Ом-нан аспауға тиіс.

6)Жеке шнурды катушканың шнурына қосу үшін қызмет ететін айырлар, сондай-ақ катушкаға және аппаратқа қосу шнурының айырлары 3 штырьдан тұруға тиіс, әрқайсысының диаметрі 4 мм, олар тік сызықтың бойында орнадасады.

7) Жалғастыратын сымдар мен кабельдердің айырлары болады. Орталық аппараттың сымдары мен катушкалары розеткамен жабдықталған.

<u>В.2.17. Маска.</u>

1) Маска торларының өлшемі 2,1мм-нан аспайтындай сымды тордан жасалуға тиіс. Сымның диаметрі кемінде 1 мм болуға тиіс.

2) тор қалдық деформациясыз күші 12 кг бұрышы 4 º қолданылатын конусты дюбельдердің қысымын көтере алатындай болуға тиіс.

3)Масканың 1600Н соққысына шыдайтындай қорғағыш жағасы болуға тиіс. Масканың артқы бөлігінде қорғау ремені орналасады. Масканы сапының оның бетінен сырғанауын тудыратындай материалмен толық немесе ішінара тыстауға тыйым салынады.

Масканың нысаны жағасы бұғананың осал жерлерін жауып тұратындай орындалуға тиіс.

4) Жоғарыда сипатталған қауіпсіздік шараларына сәйкес келметін маска демонстративті түрде алынады және қаруды тексеру кезінде пайдалануға тыйым салынған деп жарияланады.

<u>В. 2.18. Киім.</u>

1) Киім спортшыға семсерлесу үшін қажет болатын қорғаныс пен еркіндікті қамтамасыз етуге тиіс. Киім неғұрлым мықты материалдан тігілуге тиіс, таза және жақсы күйде болуға тиіс.
2) Құрал-жабдық жасалған материалдың сыртқы беті пуандердің, батырмалардың немесе оппоненттің шаншулары сырғымауы үшін тым тегіс болмауға тиіс.
3) Киім толығымен 800Н соққысын көтеретін материалдан жасалуға тиіс. Егер бар болса қолжетімді орындарға, спортшының қолтығының астына баса назар аудару қажет.
4) Спортшылар семсерлесу күртесінің астынан 800Н соққыны көтеретін қауіпсіздік жилетін киюге тиіс.
5) Киім кез келген түсті болуы мүмкін, бірақ семсерлесу костюмі тек ақ түсті ғана болуға тиіс.

В.2.18.1. Күрте

1) Спортшы айқасқа арналған қалыпта тұрса, оның күртесінің сол жақ етегі бриджидің артына кемінде 10см-ге шығуға тиіс. Қаруды ұстайтын қолдың жеңі спортшының білегін және жанын қолтығына дейін жабатындай екі жақты аралық қабаты болуға тиіс.

2) Әйел спортшыларға арналған құрал-жабдықтың қатты материалдан немесе металдан жасалған кеудені қорғағышы болуға тиіс.

3)Спортшының күртесінің арқасында өзінің аты және Ұлттық Федерацияның коды болуға тиіс, ол қара не қара көк түсті латын әріптерімен кәсіби орындалуға тиіс. Әріптердің биіктігі 7-12 см болуға тиіс. Егер осы талаптар орындалмаса спортшы Ереженің 2.14.5.-тармағына сәйкес жазаланады.

4)Семсерлесушінің қарусыз қолының білегі мен иығының арасында ұлттық құраманың түстерімен ені 7-10 см таңғыш бекітілуге тиіс. Егер осы талаптар орындалмаса спортшы Ереженің 2.14.5.-тармағына сәйкес жазаланады.

В.2.18.2. Бриджи және шұлық

1) Бриджи тізеден төмен бекітілуге тиіс. Бриджимен қоса спортшы аяқты бриджиге дейін толығымен жабатындай шұлық киюге тиіс. Шұлық жиырылмайтындай немесе сырғымайтындай киілуге тиіс.
2) Спортшыға арғы жағында ұлттық құраманың түсі бар, биіктігі 10 см шұлық киюге рұқсат етіледі.

В.2.18.3. Қолғап

1) Қолғаптың крагасы қарсыласының сапысының күртенің жеңіне кіріп кетуінен сақтайтындай, кез келген жағдайда қару ұстайтын қолының жарты білегін жабатындай болуға тиіс.
2) Қолғаптың крагасы оппонент шаншу жасаған кезде сапысының ұшының сырғуына әкелетін материалмен тысталмауға тиіс.

В.2.18.4. Жалғастырушы сымдар

1) Жалғастырушы өткізгіш сымдар спортшының жеке құрал-жабдығының бөлігі ретінде бір-бірінен жақсы бөлектенуге, ылғалды қабылдамайтын және дұрыс қосылған әрі бұралған болуға тиіс. Өткізгіш сымдар үшін рұқсат етілген электрлік кедергі сымның барлық ұзындығы бойынша 1 Ом-ға тең болуға тиіс.
2) Жалғастырушы сымдардың әрбір ұшында айыр болуға тиіс. Басты айырдың үш штырі катушкаға былай қосылуға тиіс:

- орталық штырьдан 15 мм штырь көбіне пуандердегі сымды қосады;
- орталық штырь сапының басқа сымын қосады;
- орталық штырьдан 20 мм штырь сапының және долдың тұйықталған тізбегін қосады.

В.2.19. <u>Сапы</u>

В.2.19.1. Салмағы және ұзындығы

1) Жасақталған сапының жалпы салмағы кемінде 770гр. Болуға тиіс.
2) Сапының барынша ұзындығы -110см.

В.2.19.1. Жүзі

1) Сапының жүзі болаттан жасалуға және кескіш жиектерінсіз үшбұрыш сызықтан тұруға тиіс.
2) Дайындаудың екі тәсілі бар (4-суретті қараңыз).
   - Болат цилиндрдің соғуы (жүздің көлденең қиығы, А);
   - Болат парақтың шиырылуы (жүздің көлденең қиығы, В).

3) Жүзі мүмкіндігінше тік болуға және ұшында саңылау болуға тиіс. Жүздің бұрылысы кемінде 1 см болуға тиіс. Бұрылыс жүздің ортасының маңайында тік бағытта болуға тиіс.

4) Жүздің барынша ұзындығы 90 см, 3 жақтарының барынша ені – 24 мм аспайтындай.

5) Жүздің кемінде 4,5 см ең көп дегенде 7 см бұрылысына тең иілгіштігі болуға тиіс, ол былайша өлшенеді:
   - Жүзі пуандердің шеткі нүктесінен 70 см қашықтықта бекітіледі;
   - 200гр. салмағы пуандердің шетінен 3 см қашықтыққа бекітіледі;
   - Жүздің иілгіштігі салмағы болмаған кездегі осы нүктенің қалпымен салыстырғанда пуандердің шеткі нүктесінің ауытқуы бойынша өлшенеді (4-сур.қараңыз)

6) Гарда мен пуандердің арасындағы жүзді егеудің, жүздің көмегімен және басқа тәсілдермен өңдеуге тыйым салынады. Жүздің шеттерін немесе бұрыштарын ұштауға да тыйым салынады.

7) Олимпиада ойындарында жүзі А санатындағы барлық жарыстар үшін қолданылатын FIE талаптарына жауап беруге тиіс.

8) UIPM жарыстарында семсерлесудің А санатындағы FIE мәртебесі жоқ. Алайда семсерлесу түрі өткізіліп жатқанда қауіпсіздік деңгейін арттыру үшін UIPM федерациясының мүшелері өзінің спортшыларын бірте-бірте А санатындағы жарыстардың FIE нормаларына жауап беретін құрал-жабдықпен қамтамасыз етуді талап етеді.

В.2.19.3. Электрлік сымдар

Сапының 2 электрлік сымы бар, олар жүздің саңылауына өткізілген және желімнің көмегімен бекітілген болуға тиіс, олар пуандерді гарданың ішінде орналасқан және сапының белсенді электр тізбегін құрайтын 3 байланыстың 2-уімен жалғайды.
Сапының қалған бөлігі үшінші байланыспен жалғанады.

В.2.19.4. Гарда

1) Гарданың дөңес бөлігі тегіс және түзу болуға және дақ бермеуге тиіс. Ол қарсыластың жүзін тоқтата тұруға жол бермейтіндей орындалуға тиіс. Оның көтеріңкі шеті болмау керек. Дөңгелек нысанды жүзі бар гарда диаметрі 13,5 см калибр арқылы өтуге тиіс, бұл ретте жүзі цилиндрдің өсіне параллель болуға тиіс. Гарданың тереңдігі («b» және «с» сызықтарының арасында өлшенетін) 3 және 5,5см шегінде болуға тиіс.

2)«а» және «с» сызықтарының арасындағы толық ара-қашықтық 95,5см-дан аспауға тиіс. Жүздің бекіту нүктесінің гарданың орталығынан ауытқуы егер ол 3,5см-дан аспаса рұқсат етіледі.

3)Гарданың ішінде аралық қабат болуға тиіс, оның өлшемі спортшының саусақтарының сыммен жанасуын болдырмайтындай болуға тиіс. Гарданың ішіндегі аралық қабат 2 см-дан қалың болмауға және спортшының қолын қорғауды жақсартпауға тиіс. Ұштастыру айқасты өткізу кезінде спортшының тарапынан байланысты тоқтату немесе жүзеге асыру мүмкіндігі болмайтындай орындалуға тиіс.

4)Екі сымның әрқайсысында жеке оқшаулайтын қорғаныс қабықшасы болуға тиіс. Оқшаулайтын қабықша барлық сымды розеткасына дейін жабуға тиіс. Оқшауланбаған сымдар розеткаға жалғанатын орнынан жоғары жерде шығып тұруына жол берілмейді.

5) Байланысты жүзеге асырудың кез келген схемасына жол беріледі, егер ол мына талаптарға жауап берсе:
- байланысты қосу және ажыратуды жеңіл жүзеге асыру;
- байланысты тексеру жеңіл, бәкінің немесе тиынның көмегімен жүзеге асырылуға тиіс;
- қарсыластың пуандаресін жүзі арқылы өтетін тізбектің бөлігіне жеңіл қосу мүмкіндігі;
- байланыс айқас кезінде зақымдауды болдырмайтын арнайы құрылғымен жабдықталуға тиіс;
- электрлік сымдарды берік ұштастыруды қамтамасыз етуге және байланыстың қысқамерзімді ажыратылуына жол бермеуге;
- қосылған розеткалардың арасында электрлік байланыс тудыратындай ештеңенң қоспауға.
6) Сапының ең үлкен электр кедергісі 2 Ом.

7) Өздігінен қаруды жинап алғысы келетіндер, бірақ электрлік тестерді өткізу үшін құрал-жабдығы жоқтарға, қауіпсіздік

мақсатында әрбір қару үшін электрлік тізбектің төменгі кедергісін орнату жөнінде кеңес береміз. Ол үшін:

- гарданың сыртқы бетін тотығудан және оның ішіндегі ұштастыру байланыстарын мұқият тазарту;
- сымдардың, әсіресе жүздің бойындағы астаушаның шетіндегі және гардадағы оқшауландыруын бұзбау керек;
- жүздің астаушасында желімнің жинақталуын болдырмау.

В.2.19.5. Пуандаре және ұшы

Ұшы пуандареде аяқталады, ал мына талаптарға (5-сур.қараңыз) жауап беруге тиіс:

1) Пуандаренің нысаны цилиндрлік. Оның сыртқы беті тегіс және пуандаренің осіне перпендикуляр болуға тиіс. Оның жиектері 0,5мм радиусқа дөңгелектенуге тиіс не 45º бұрышты 0,5мм фаскасы болуға тиіс. Пуандаре тәжінің диаметрі 8мм, мүмкін ауытқушылық +/- 0,05мм. Базаның диаметрі 7,7мм-ден кем болмауға тиіс. Пуандарені бағыттайтын фланец (жағасы), сондай-ақ оқшаулауды тазалау батырмаға қатысты тереңдеу болуға тиіс (пуандаренің басылмаған батырмасының гарданың дөңес бетінің бойымен сырғуы салдарынан тіркейтін аппараттың жұмыс істеу мүмкіндігін тудырмау үшін, тереңдік диаметрі 0,3-0,5мм кемдеу болуға тиіс).
2) Электрлік тізбек тұйықталуы және тіркейтін аппаратураның жұмыс істеуі үшін қажет қысым 750гр асатын болуға тиіс, көрнекі айтқанда осы салмақ сапының шетіне сығылуға тиіс.
3) Жолдағы спортшының сапысын бақылау үшін қолданылатын жүк – ось бойымен ішінара тесілген цилиндрге ұқсайды. Жүзі сыятын осы тесіктің металлдық бөліктердің арасындағы байланыстың алдын алу үшін және келесі тестіде қате жібермеу үшін оқшауланған аралық қабаты болуға тиіс. Ұйымдастыру комитеті беретін осы жүктің салмағы -750гр., мүмкін ауытқушылық +/-3 грамм, яғни 747-753 гр.
4) Тіркейтін аппаратураның жұмыс істеуі үшін қажет пуандаренің батырмасының табаны жұмыс табаны деп аталады және кемінде 1мм болуға тиіс. Пуандаренің одан арғы табаны кемінде 0,5 мм болуға тиіс. Жолдағы тексеруді қамтамасыз ету үшін пуандаренің батырмасының табаны1,5мм-ден артық болуға тиіс.
5) Пуандаренің батырмасы сапыға қосылған соң, аппаратураның жұмыс істеуі үшін қажет пуандаренің табанын сыртқы винттердің және басқа құрылғылардың көмегімен реттеуге тыйым салынады. Ішкі винттер мен құрылғылар егер батырманы монтаждау үшін қажет болса ғана рұқсат етіледі.

6) Винттің немесе тіреу құрылғысының басы батырманың тегіс бетінен шығып тұрмауға тиіс, осы тегіс бетіндегі тесіктің диаметрі 2мм аспауға тиіс. Пуандаре батырмаға симметриялы орналасқан екі орында бекітілуге тиіс. Шаншу болған жағдайда, электрлік байланыс орнатылуға тиіс.

В.2.19.6. Батырманы бекіту тәсілдері

Батырманың негізі жүзімен немесе жүзінің ұшындағы ұстағыштың тегіс бөлігімен біртұтас болады. Батырма сапының ұшына осы мақсатпен арнайы дайындалған винттің көмегімен бекітілуге тиіс, бұл ретте мына талаптар сақталуға тиіс:

1) «металл-металл» байланысы жүзеге асыратын тіреу рұқсат етіледі. Оқшаулаушы материалдардың көмегімен бекітуге тыйым салынады.
2) Қызуды көздейтін және жүзінің беріктігіне әсер етуге мүмкін дәнекерлеудің кез келген әдістерін немесе басқа әдістерді пайдалануға тыйым салынады. Бұрандасы бойынша бекіту үшін жеңіл дәнекерлеуге ғана рұқсат етіледі.
3) Бұранданы кесер алдында жүзінің ұшы 4мм диаметрден кем болмауға тиіс. Бұл ретте жүзінің ұшына кез келген нәрсені орауға қатаң тыйым салынады.
4) Бұранда бойынша жүзінің диаметрі 3,05мм (бұранда S.I.) құрайды.

В.2.19.7 Сабы (эфес)

1) Сабының ең үлкен ұзындығы «b» және «e» белгілерінің арасында 20 см, ал «b» және «d» белгілерінің арасында 18 см құрайды. (4-сур.қараңыз).

2) Сабы гардаға қойылатын талаптарға жауап беруге тиіс. Ол штаттық жағдайларда спортшының өзін немесе оның қарсыласын жарақаттамайтындай жасалады. Егер олар ереженің талаптарын қанағаттандыратын болса, қарудың алуан түрлі түрлеріне орнату мүмкіндігімен дайындалатын саптың кез келген конструкциялары рұқсат етіледі. Ортопедиялық саптар сымдар немесе батырмаларды жасыруға мүмкіндік беретін былғарымен немесе басқа материалдармен тысталмауға тиіс.

3)Саптың сапыны лақтыру қаруы ретінде пайдалануға мүмкіндік беретіндей құрылғылары болмауға тиіс. Саптың гарданың қорғанысымен салыстырғанда спортшының қолдың буынын немесе жұдырығының қорғанысын жақсартатындай құрылғылары

болмауға тиіс. Гардадан тыс тұрған көлденең тор немесе электрлік розеткаға қатаң тыйым салынады.

4) Егер саптың алақанның саптағы қалпын бекітетіндей арнайы нысандағы (ортопедиялық сап) құрылғылары болса, ол қолдың сапты ұстаудағы бір ғана қалпын анықтауға және бекітуге тиіс. Сапта бекітілген қолдың қалпында толығымен созылып тұрған саусақ гарданың ішкі шекарасынан 2 см-дан артық шықпауға тиіс.



2А қосымша

Ұпайлар кестесі
Семсерлесу

Жеке есеп:

a)Бір күнде өткізілетін жеке жарыстар

b)жасөспірімдер және басқа (екі күндік) жарыстар

Формула: жеңген айқастардың 70%-ы 1000 ұпайға тең.
Осы саннан жоғары немесе төмен әрбір жеңіс айқастар санына сәйкес бағаланады.

Мысалы:
36 қатысушы бессайысшы=35 айқас
70% айқас=25 жеңіс =1000 ұпай
+-1 жеңіс =+-24 ұпай

Мысалы:
61 қатысушы бессайысшы=60 айқас
70% айқас=42 жеңіс =1000 ұпай
+-1 жеңіс =+-16 ұпай

Цифрлар: - сол жақтағы =1000 ұпайға шаққандағы жеңістер саны
- ортадағы= айқастар саны
- оң жақтағы = 1 жеңістің құны

1000	бои	победы
53	75	12
52	74	12
51	73	12
50	72	12
50	71	12
49	70	12
48	69	12
48	68	12
47	67	12
46	66	12
46	65	12
45	64	12
44	63	12
43	62	12
43	61	12

1000	бои	победы
42	60	16
41	59	16
41	58	16
40	57	16
39	56	16
39	55	16
38	54	16
37	53	16
36	52	16
36	51	16
35	50	16
34	49	16
34	48	16

1000	бои	победы
33	47	20
32	46	20
32	45	20
31	44	20
30	43	20
29	42	20
29	41	20
28	40	20
27	39	24
27	38	24
26	37	24
25	36	24
25	35	24
24	34	24

1000	бои	победы
23	33	28
22	32	28
22	31	28
21	30	28
20	29	32
20	28	32
19	27	32
18	26	36
18	25	36
17	24	36
16	23	40
15	22	40
15	21	44
14	20	44

Егер спортшылардың жалпы саны 21-ден кем болса, онда Ереженің 2.5.6.-т.4)-т. қараңыз.

<u>Эстафета</u>

Формула: жеңген айқастардың 70%-ы 1000 ұпайға тең.
Осы саннан жоғары немесе төмен әрбір жеңіс айқастар санына сәйкес бағаланады.

c) 3 бессайысшының эстафетасы

Ко-мандалар	Раунд	Айқас/ спортшы/ раунд	Айқас барлығы спортшы	Айқас барлығы/ команда	1000 ұпай =жеңіс	**Жеңіс құны**
5	4	4	16	48	34	**20**
6	5	4	20	60	42	**16**
7	6	4	24	72	50	**12**
8	7	3	21	63	44	**14**
9	8	3	24	72	50	**12**
10	9	2	18	54	38	**18**
11	10	2	20	60	42	**16**
12	11	2	22	66	46	**14**
13	12	2	24	72	50	**12**
14	13	2	26	78	55	**12**
15	14	2	28	84	59	**12**
16	15	2	30	90	63	**10**
17	16	2	32	96	67	**10**
18	17	1	17	51	36	**18**
19	18	1	18	54	38	**18**
20	19	1	19	57	40	**16**

d) 2 бессайысшының эстафетасы

Ко-мандалар	Раунд	Айқас/ спортшы/ раунд	Айқас барлығы спортшы	Айқас барлығы/ команда	1000 ұпай =жеңіс	**Жеңіс құны**
5	4	4	16	32	22	**28**
6	5	4	20	40	28	**24**
7	6	4	24	48	34	**20**
8	7	3	21	42	29	**22**
9	8	3	24	48	34	**20**
10	9	3	27	54	38	**18**
11	10	3	30	60	42	**16**
12	11	3	33	66	46	**14**
13	12	2	24	48	34	**20**
14	13	2	26	52	36	**18**
15	14	2	28	56	39	**16**
16	15	2	30	60	42	**16**
17	16	2	32	64	45	**14**
18	17	2	34	68	48	**14**
19	18	2	36	72	50	**12**
20	19	2	38	76	53	**12**
21	20	2	40	80	56	**12**
22	21	2	42	84	58	**10**
23	22	2	44	88	62	**10**
24	23	2	46	92	64	**10**

2В қосымша

Командалардың арасындағы айқастарды жүргізу тәртібі
Командалар саны жұп болған жағдайда, олардың барлығы әрбір турнирға қатысады.
№1 команда әрқашан А жолына тұрады.
Мысалы: 36 бессайысшы = 18 команда = 17 раунд

	Дорожка								
Раунды	**A**	**B**	**C**	**D**	**E**	**F**	**G**	**H**	**I**
0 + 1	1 - 18	2 - 17	3 - 16	4 - 15	5 - 14	6 - 13	7 - 12	8 - 11	9 - 10
2	1 - 17	18 - 16	2 - 15	3 - 14	4 - 13	5 - 12	6 - 11	7 - 10	8 - 9
3	1 - 16	17 -1 5	18 - 14	2 - 13	3 - 12	4 - 11	5 - 10	6 - 9	7 - 8
4	1 - 15	16 - 14	17 - 13	18 - 12	2 - 11	3 - 10	4 - 9	5 - 8	6 - 7
5	1 - 14	15 - 13	16 - 12	17 - 11	18 - 10	2 - 9	3 - 8	4 - 7	5 - 6
6	1 - 13	14 - 12	15 - 11	16 - 10	17 - 9	18 - 8	2 - 7	3 - 6	4 - 5
7	1 - 12	13 - 11	14 - 10	15 - 9	16 - 8	17 - 7	18 - 6	2 - 5	3 - 4
8	1 - 11	12 -10	13 - 9	14 - 8	15 - 7	16 - 6	17 - 5	18 - 4	2 - 3
9	1 - 10	11 - 9	12 - 8	13 - 7	14 - 6	15 - 5	16 - 4	17 - 3	18 - 2
10	1 - 9	10 - 8	11 - 7	12 - 6	13 - 5	14 - 4	15 - 3	16 - 2	17 - 18
11	1 - 8	9 - 7	10 - 6	11 - 5	12 - 4	13 - 3	14 - 2	15 - 18	16 - 17
12	1 - 7	8 - 6	9 - 5	10 - 4	11 - 3	12 - 2	13 - 18	14 - 17	15 - 16
13	1 - 6	7 - 5	8 - 4	9 - 3	10 - 2	11 - 18	12 - 17	13 - 16	14 -15
14	1 - 5	6 - 4	7 - 3	8 - 2	9 - 18	10 - 17	11 - 16	12 - 15	13 -14
15	1 - 4	5 - 3	6 - 2	7 - 18	8 - 17	9 - 16	10 - 15	11 - 14	12 -13
16	1 - 3	4 - 2	5 - 18	6 - 17	7 - 16	8 - 15	9 - 14	10 - 13	11 - 12
17	1 - 2	3 - 18	4 - 17	5 - 16	6 - 15	7 - 14	8 -13	9 - 12	10 - 11

Командалар саны тақ болған жағдайда (мысалы 17), командалардың бірі әрбір турнирға қатыспайды.

	Дорожка								
Раунды	**A**	**B**	**C**	**D**	**E**	**F**	**G**	**H**	**Рез.**
0 + 1	1 - 17	2 - 16	3 - 15	4 - 14	5 - 13	6 - 12	7 - 11	8 - 10	**9**
2	17 - 16	1 - 15	2 - 14	3 - 13	4 - 12	5 - 11	6 -10	7 - 9	**8**
3	16 - 15	17 - 14	1 - 13	2 -12	3 - 11	4 - 10	5 - 9	6 - 8	**7**
4	15 - 14	16 - 13	17 - 12	1 - 11	2 - 10	3 - 9	4 - 8	5 - 7	**6**
5	etc.								
и т.д.									
16	3 - 2	4 - 1	5 - 17	6 - 16	7 - 15	8 - 14	9 - 13	10 - 12	**11**
17	2 - 1	3 - 17	4 - 16	5 - 15	6 - 14	7 - 13	8 - 12	9 - 11	**10**

Екі немесе одан да артық командаларды қатыстыратын Ұлттық Федерация:
Егер жарыстарды ұйымдастырушылар немесе қандай да бір ұлттық федерация екі немесе одан да артық команда қатыстырса, командалар семсерлесу түрінің бірінші турларында мынадай тәртіпте кездеседі:

Қағидат	**Команданың жарыстағы нөмірі**		
	16	**17**	**18**
«А» ұйымдастырушының командасы – әрқашан №2	2	2	2
«В» ұйымдастырушының командасы – әрқашан соңғының алдында	15	16	17
«С» ұйымдастырушының командасы – әрқашан соңынан №4	13	14	15
«D» ұйымдастырушының командасы – әрқашан соңынан №6	11	12	13
ҰФ Х: «А» командасы әрқашан №3	3	3	3
«В» командасы әрқашан соңынан №3	14	15	16
ҰФ Х: «А» командасы әрқашан №8	8	8	8
«В» командасы бірінші раундта №8 жақыны	9	10	11

Командаларға осылайша берілген нөмірлер жеребеге қосылмайды

Семсерлесу жолының моделі

1-сурет. Жартылай финалдар мен финалдарға арналған жол (ең жоғары биіктігі 50см)



<u>2-сурет. Қарудың барлық үш түріне арналған стандартты жол</u>



A- ұпайларды санау аппаратына арналған үстел
C- орталық сызық
G- «Айқасқа» сызығы
R- жолдың шектеу сызықтары
M- ең аз дегенде 1М
L- жолдың соңғы 2М
E- жолдың соңы
S- 2метрлік сигналдық сызықтың басы

Ток өткізетін материал артқы шектеу сызықтары мен қауіпсіздік шекараларын қоса алғанда жолдың барлық ұзындығы мен енін жабуға тиіс.

3-сурет. Төрешінің ым қимылдары мен командалары



4-сурет. Сапының өлшемі және иілгіштігі



Сапының өлшемі



5-сурет. Пуандаре мен ұшы.



Сапы: пуандаредегі конструкция